

Мектептегі мерекелер

№3 (177)
2023

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Н. Жумина. Тәуелсіздік деп соғады жүрегім	3
Г. Кенжебек. Әлем таныған Абай.....	6
Ж. Макашова. Күй атасы – Құрманғазы.....	8
А. Оразмағамбетова. 8 наурыз – мереке күніңмен!	11
М. Бейсембаева. Анамды жақсы көремін	13
А. Адилова. Нұр себеле, ұлыстың ұлы күні.....	15
Г. Суиндигова. Қызықты география.....	18
С. Жансүгірова. Қорықтар – табиғат қорғаны	22
А. Какимова. Үлкеннің көрсетер ілтипаты	26
С. Райымбекова. Риза боп саған жүрміз, сүйікті біздің Әліппе!	28
К. Байчеркасс. Бабалар ерлігі – ұрпаққа үлгі	32
Н. Жәлелова. Болашақ білімді жастардың қолында!.....	34
Б. Булекпасова. Қайырымдылық балы.....	36
Оқушылар шығармашылығы.....	38

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
20.03. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –**
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Тәуелсіздік деп соғады жүрегім

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің ойында елжандылық сезімін қалыптастыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Отан — Ананы құрметтеуге, Тәуелсіздікті бағалай білуге, елінің Тәуелсіздігі жолында күрескен ерлердің қаһармандығы мен күрескерлік ерліктерін әрдайым есте ұстауға, үлгі ете білуге үйрете отырып, еліміздің Тәуелсіздік алғалы жеткен жетістіктері туралы ойларын ортаға салу. Оқушы бойында патриоттық сезімінің қалыптасуына ықпал жасау.

Көрнекілігі: Желтоқсан жаңғырығы тақырыбында шығарылған плакат, желтоқсан оқиғасының құрбандарына, желтоқсан оқиғасына байланысты буклеттер.

Кешіміздің түрі: Тәуелсіздікке қатысқан кісілермен кездесу ұйымдастыру.

Әдісі: пікірлесу, әңгімелесу, түсіндіру.

Барысы:

Көрініс: «Егемендік деген не?»

(Атасы мен немересі ақырын басып шығады. Орындыққа келіп, демалып отырады)

Немересі: Ата, не ойлап отырсыз?

Атасы: Ә, балам, атаң не ойлайды дейсің! Сендердің болашақтарыңды ойлап отырмын, еліміздің болашағы жайлы, өткен өмір жайлы ойлаймын.

Немересі: Өткен өмір деген не?

Атасы: Ә, балам, «Өткен өмір» сонау ежелгі ата-бабамыздың ерте кезден келе жатқан өткен жолы, тарихы емес пе?

Немересі: Ал ол қандай болған?

Атасы: Ендеше, тыңда балам, атаң бір сөйлесін.

Болмаса да оқыған тарихшы атаң, Жинады ескілерден тарих хатын.

Мақсатым кейінгі ұрпақ ұмытпаса, Айтылған аталардың аманатын!

Немересі: Ата, айтқандай-ақ, бүгін мектепте Тәуелсіздік туралы өлең жаттадық, айтып берейін бе?

16 желтоқсан

Ел мерейі тасыған,

Қазақ деген қалың жұрт,

Бәрін кешті басынан.

Естісін ел үніңді,

Тәуелсіздік туынды,

Биік көтер, Жас ұлан!

Тәрбиеші: Қайырлы күн, құрметті қонақтар, оқушылар! Бүгінгі кездесу кешіміз де өздеріңіз байқағандарыңыздай Тәуелсіздік мерекесіне байланысты болып отыр. 1991 жылғы 16 желтоқсан тарихтағы ең ұлы күн! Бүгінгі жарқын өміріміз сол ызғарлы күндердің жемісі іспетті. 1986 жылы Алматының бас алаңына жастар жаман оймен келген жоқ. Олар бейбіт жолмен Тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қатысқан. Енді міне осы желтоқсан көтерілісіне қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Тәуелсіздігіміз баянды болғай! Тәуелсіздік біздің ең басты бақытымыз! Олай болса, ашық аспан астындағы, бейбіт өмірде тойлағалы отырған, бүгінгі біздің кешіміздің арнайы шақырылған құрметті

қонағы Таушева Миуаш Сақиқызы келіп отыр. Қош келдіңіз! Сол кездерді көзбен көріп, сол ортада бірге болып, Тәуелсіздік таңы үшін күрескен жастардың бірісіз, олай болса сөз кезегі өзіңізге беріледі. Оқушыларға сол уақыттағы бастан өткен қиын кезеңдермен, көрген оқиғаларды еске алып, айтып берсеңіз!

Тәрбиеші:

Ей, келешек, жан тәніңмен ұғын, біл.

Он әріп не мағына береді,

Ал, толғайық, жеткенінше қызыл тіл, - дегендей, Тәуелсіздік ұғымы нені білдіреді?

(Балалар орындарынан тұрады)

Т – білдіреді теңдікті,
Ә – әдептілік, әлдікті,
У – уайымсыз уақытты,
Е – егемендік, елдікті,
Л – дейді лағып лепірме,
С – сенімділік секілді ең,
І – ілтипат қой,
З – зиялылық тілек қой,
Д – шақырады достыққа,
І – ізет қой

К – дейді күн боп елестегі.

- Рахмет, балалар, біз Тәуелсіздік сөзінің мағынасын біліп алдық.

- Құрметті оқушылар, сіздер – Отанымыздың ұрпақтарысыздар! Өз елің мен жеріңді көркейтіп, Қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың



ақылшысы, тірегі сіздер болмақсыздар! Өз еліміздің өркендеп дамуына қосар үлесіміз орасан зор. Сол себепті жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті болындар! Ендеше, Тәуелсіздікке арналған өлең жолдарын тыңдайық!

1-оқушы:

Құтты болсын Тәуелсіздік мерекесі!
Мықты болсын еліміздің керегесі.
Тату-тәтті боп халқымыз әрқашан,
Кетпесін туған жердің берекесі!

2-оқушы:

На просторах Казахстана
Много разных народов живет,
Все народы как братья равны
Всем народам — любовь и почет!
Ходит с песней по дворам
Дружбы длинный караван,
Ты всегда моей душе —
Независимый Казахстан!

3-оқушы:

Kazakhstan
Kazakhstan is my country
Kazakhstan is my land
Kazakhstan is my country
Kazakhstan is my land
I live here with my friends.

Тәрбиеші:

Бас аланда ел жосылды.
Жастар қаны төгіліп.
16 желтоқсан —
Тәуелсіздік алған күн.
Олай болса, экранға назар аударайық.

Бейнеролик қарау (Желтоқсан оқиғасы)

Оқушылармен ой бөлісу.

Тәрбиеші сөзі:

Алда әлі ұзақ жол бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек

жүрек пен білім, талант пен талап керек. Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар, қалан», - деп ұлы Абай атамыз айтқандай, келешекте сендер де мемлекетімізге пайдасы тиетін азамат болатындарыңа сенемін.

«Желтоқсан желі» әні орындалады.

Қорытынды:

Міне, балалар, бүгін өздеріңнің Тәуелсіз еліміздің болашағы екендіктеріңді, нағыз азамат екендіктеріңді көрсете білдіңдер. Белгілі ақын — Жұбан Молдағалиев:

Өткенінді еске алсаң,
Өскеніңнің белгісі.
Өткенінді ұмытсаң,
Өшкеніңнің белгісі, - деген екен.

Олай болса, халқымыздың бүгінге дейінгі жеткен жетістігі өздеріңе аманат. Қашан да еліміздің, жеріміздің еркіндігін сақтар мықты ұрпақ, мықты азамат болыңыздар! Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! Осымен бүгінгі Тәуелсіздікке арналған кездесу кешіміз аяқталды.

Назгүл Маратовна
ЖУМИНА,

Облыстық дарынды балаларға
арналған

Абай атындағы мамандандырылған
мектеп- гимназия-интернаты
тәрбиешісі.

Подстепный ауылы,

Теректі ауданы,

Батыс Қазақстан облысы.

Әлем таныған Абай

Мақсаты:

- Абай шығармашылығын жас ұрпақтың «жүрегіне терең бойлатып», Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үнілту;

- «Сөз патшасы – өлең» құдіретінің асыл сөз маржандарын бойларына сіңірту, ой-қиялдарын поэзия әлеміне енгізу;

- Ғұлама Абай мұрасын, нақыл сөздерін, философиялық ой-толғауларын насихаттау.

1-жүргізуші: Армысыздар, қадірменді ұстаздар, әдебиет сүйер қауым, білім нәріне құмар оқушылар!

2-жүргізуші: Қазақ халқының ұлы ақыны, әдеби тілінің негізін салушы, аудармашы, сазгер, дана, дара тұлға А. Құнанбаевтың шығармашылығына арналған «Әлем таныған Абай» атты әдеби кешке қош келдіңіздер!

Эпиграф: «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз».

Слайд: Абайдың балалық және жастық шағы.

Абайдың аналары (көрініс).

1-жүргізуші: Ақын шығармалары – оның қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар классик ақын екендігін дәлелдейді.

М. Әуезов Абайды «Қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп атауы да жайдан жай емес.

2-жүргізуші: XIX ғасырдың 80-жылдарының орта кезінен бастап Абай ақындық жолға біржола бет бұрады. Бұл кездегі өлеңдері – толысқан ой-

сананың жемісі.

Абай Құнанбаевтың сөзіне жазылған «Есінде бар ма, жас күнім?» әні орындалады.

1-жүргізуші: Абай – озық мәдениетті насихаттаумен қатар, әлеуметтік-азаматтық санасы өскен, халықтың үлкен қайраткері.

2-жүргізуші: Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Ол халық тәжірибесін танытқан, шындықты айта отырып, жастарды адамгершілік жолға, адал достыққа үгіттейді.

Абайдың «Көзімнің қарасы» әні орындалады.

1-жүргізуші: Абай өзінің поэзиясымен қазақтың көркем әдебиетін өлшеусіз биікке көтерді, әдеби тілді дамытып, қалыптастыруда аса үлкен еңбек сіңірді.

«Көркем сөздің асылы – поэзия» деп жоғары бағалай отырып, ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты жайлы жана көзқарасын білдіреді.

2-жүргізуші: Абай – сазгер. Оның көп өлеңдері өз әнімен тараған 30-дан астам әні бар, 3 күйі бар. Бүгінгі таңда нотаға түскен, орындалып жүрген классикалық туындылар.

1-жүргізуші: Табиғат лирикасы – Абайдың дүниежүзілік озық поэзиядан алған бір үлгісі.

Ақын неғұрлым данышпан болса, соғұрлым табиғатпен терең араласып, оны құшағына тұтас қамтып алады. Табиғатты адаммен, ортамен барынша байланыстыра көрсетеді.

1-оқушы: Абай – данышпан, Абай –

кеменгер. Ол орыс әдебиеті классиктерінің, Еуропаның бірталай ақындары мен ғалымдарының, ежелгі заман даналарының туындыларымен танысады. Солар арқылы әдеби білімін, дүниетанымын кеңейте түседі.

2-оқушы: Абай — әдебиеттегі шебер аударма жасаудың үлгісін көрсетті. 70-80 шақты аудармалары өзге тілден дәл, нақ аударылған.

Слайд: Ұлылар үндестігі.

- А.С. Пушкин және Абай. «Евгений Онегиннен» 8 өлең аударған, көбі — Онегин мен Татьяна хаттары.

- М.Ю. Лермонтов пен Абай.

- Крылов және Абай.

«Татьянаның хаты» өлеңі.

«Есек пен бұлбұл» (көрініс)

3-оқушы: Абайдың поэмалары: «Масфұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі».

Бұл поэмалары қазақ өмірінің шындығын суреттеуге құрылмаған. Шығыстық оқиғалар сарынында жазылған. Идеясы — ұстаздық, тәрбиелік ой-мақсаттарға бейімдеп, көпке үлгі көрсету.

Абай орыстың және татардың халық әндерін жақсы білген. Немістің ұлы ақыны Гетенің «Горные вершины» атты өлеңін М. Лермонтов орыс тіліне аударды, орыс композиторы А. Рубинштейн ән жазды. Бұл өлеңнің сөзі мен әуені Абай жүрегіне баурағаны сонша, ақын оны қазақ тіліне аударып, «Қараңғы түнде тау қалғып» атты әнін шығарған. Одан басқа да әндері: «Сегіз аяқ», «Бойы бұлған», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да».

«Сегіз аяқ» әні орындалады.

4-оқушы: Абайға дейін қазақ әде-

биетінде болмаған үлгі — ол Абайдың қара сөздері. Абай қара сөздерін түгелдей дәстүрлі шешендік сөз үлгісіне құрайды. Қара сөздері тақырып жағынан алғанда ақынның өлеңдерімен астасып жатады.

24-сөзі — күншілдік; 25-сөзі — құлшылдық; 26-сөзі — надандық; 27-сөзі — өсиет; 28-сөзі — парыз; 29-сөзі сақтық туралы әңгімелейді. Адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр түрлі топтардың hareketі, мінез-құлқы, адамгершілік, имандылық секілді бірталай мәселерді қара сөзінде кеңінен толғайды, үлкен көрегенділікпен көптеген құнды пікірлер түйеді. Абайды қара сөздеріне қатысты жазушы десек те қателеспейміз.

37, 36-қара сөздерінен үзінділер оқылады.

5-оқушы:

Парасатты болып туған,
Шыңғыстаудың Абайы.
Ән мен жырын мұра қылған,
Сарыарқаның Абайы.
Нақылымен сана құйған,
Қазағымның Абайы.
Ақылымен дана болған,
Бүкіл әлем Абайы!

6-оқушы: Құрметті, әдебиет сүйер қауым! Абайдың шығармашылығына арналған тағылымды кеш соңына жетті. Поэзия әлемінде келесі кездескенше қош, сау болыңыздар!

Гулсара Есенбекқызы КЕНЖЕБЕК,
№11 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі.
Түрксіб ауданы,
Алматы қаласы.

Күй атасы – Құрманғазы

Максаты: Ұлы күйші Құрманғазы шығармалары арқылы оқушыларды рухани байыту, өнер арқылы шығармашылық ойлау мақсатында және музыканы саналы түрде қабылдауға, мәнерлеу дыбысы арқылы музыканың даму ерекшелігін анықтауға қалыптастыру.

Құрманғазының күйі «Сарыарқа», орындайтын домбырашылар ансамблі.

Жүргізуші: Күйші «Сарыарқа» күйі арқылы туған жерді, кең-байтақ даланы көз алдыға келтіреді. Ұлы күйші **Құрманғазы Сағырбайұлы** 1818 жылы дүниеге келген. Туып-өскен жері Бөкей хандығы, қазіргі Орал облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жер. 1889 жылы дүниеден өтті. Топырақ бұйырған орыны — Астрахань (Ресей) облысының бұрынғы «Шайтани батаға», қазіргі «**Құрманғазы төбе**» деп аталатын жер. Құрманғазы күйлері тыңдаушысын бай сазымен, кербез нақышымен, жігерлі қуатымен борандатып, ұшқыр екпінімен баурап әкетеді. Күйлерінің көпшілігінің тақырыбы бар, құрылымы жағынан бір жүйеге түскен ауқымды туындылар. Күйші домбыраның орындау әдістерін, аспаптың дыбыстық және техникалық бай мүмкіндіктерін мейлінше толық қолдана білген. Құрманғазы күйлерінің ерекшеліктеріне — күйдің шарықтау шегінің, яғни кіші саға мен үлкен сағаның жазыла түсуінің арқасында домбыра диапа-

зоны толық игеріліп, күйдің өзіндік өлшемі мен ырғағы шығарманың өне бойында ауытқымай сақталып отырады.

Жүргізуші: Ұлы күйшілер жақын адамдарына арнап күй шығарған. Мұндай күйлерді «арнау күйлер» деп атайды. Соның бірі — Құрманғазының анасына арнаған «Аман бол, шешем, аман, бол» күйі. Торы атты ертіп, жолға Құрманғазы үйден шығар алдында домбырасын қолына алады да, қоштасып бір күй тартады. Шығарып салуға жиналған достары күйдің атын сұрамай-ақ білді. Өйткені, бірінші бастамасының өзі «Аман, бол шешем, аман, бол» деп айтып тұр еді.

«Аман, бол шешем, аман, бол» күйі орындалады.

Жүргізуші: Құрманғазы күйшінің алғашқы шығармаларының бірі — «Кішкентай». 1830 жылы Беріштен шыққан Исатай Тайманұлы және оның жан досы, дауылпаз ақын, дәулескер күйші Махамбет Өтемісұлы бастаған шаруалар көтерілісінде Құрманғазы да болады. Сол жылдарында «Кішкентай» деген күй шығарады. Бұл күй көтеріліс басшысы Исатайға арналған. Оның шығарған «Ақбай», «Ақсақ киік», «Көбік шашқан», «Түрмеден қашқан», «Адай» деген күйлерінде нұрлы болашақ, халық үміті, үстем тапқа деген ыза-кек шебер суреттеледі.

«Кішкентай» күйі орындалады.

Жүргізуші: 1857 жылы Құрманғазыны түрмеге отырғызады. Сібірге айдатайын деп жатқан жерден ол қашып құтылады. Екінші рет оны Орынбор түрмесіне қамайды, бірақ генерал-губернатор Перовскийдің қолдауымен құтқарылады. Түрме тақырыбына бірталай күй шығарады: «Қайран шешем», «Ертең кетем», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Арба соққан», «Перовский маршы», «Не кричи, не шуми», «Машина».

«Не кричи, не шуми» күйі орындалады.

Жүргізуші: Ақбайдың шабармандары Құрманғазыны арбаға байлап жүргелі жатқанда шешесі Ақбаланы көреді. Әлпештеп өсірген анасына әлі күнге дейін қайырымды іс істемегеніне өкініп, енді тағы міне айдалып бара жатқанын ойлап, көзіне жас кеп, шешесінің қасына келеді. «Мен ұл таптым деп жүрсем, жаман, жасық немені туған екем ғой. Кімнің алдында көзіңнен жас шығарып тұрсың?» - деп, жағына шапалақпен тартып жібереді. Құрманғазы өзінің қателігін түсінеді. Орал түрмесінде жатқанда осының бәрін ойлап, шешесіне арнап «Қайран шешем» атты күйін шығарады. Күй күйшінің қапастағы халін баяндағандай баяу басталады да, бірте-бірте әсерленіп, шабыттана төгіледі

«Қайран шешем» күйі орындалады.

Жүргізуші: Құрманғазы өштескен би оның соңына түсумен болады. Бір жиында домбыра тартып, Исатай, Махамбет толғауын айтып отырған Құрманғазыға «Сен Исатай, Ма-

хамбеттің толғауын айттың», деп кінә тағып күйшіні ұстатады. Міне, осы өкінішке байланысты «Қапы» деген күйін шығарған екен.

«Қапы» күйі орындалады.

Жүргізуші: Құрманғазы қапылыста ұсталып Орда түрмесіне жөнелтілейін деп тұрғанда «Қайтып көріскенше, қош аман болындар, халқым» деп, «Қош, аман бол» күйін тартыпты.

«Қош, аман бол» күйі орындалады.

Жүргізуші: 1850 жылы Құрманғазы Жем өзенінің бойындағы Төремұрат, Өтен, Нарымбай ағаларымен барып қыз Данайды алып қайтады. Қыз соңынан шапқан қуғыншыларды Құрманғазы отауға жібермей келгенін қағып түсіріп, қорғап тұрады. Оның бұл батырлығына нағашылары риза болып, сый-құрмет жасайды. Шабыты шалқыған күйші осы қуанышқа арнап «Қыз Данайдың қырғыны» күйін шығарады. Құрманғазы күй арқылы ат тұяғының дүбірін, қиян-кескі ұрысты суреттейді. Арасында қыз Данайдың сұлулығын, сыңғырлаған күлкісін сазды дауыстармен бейнелей білген. Бұл күйдің шығуына байланысты Төремұрат ел жиып, мал сойып үлкен той жасайды.

Күй «Қыз Данайдың қырғыны»

Жүргізуші: Құрманғазы ен далада жалғыз өскен қызыл қайыңның бұтағын жамылып отырып, қуғыншылардан аман қалыпты, дейді. Кейін: «Менің елім де, жерім де, ағашым да пана екен. Анадай қамқор болып, жапырағымен жауып пана болған қызыл қайыңға арнап едім», - деп осы күйді шығарған.

«Қызыл қайың» күйі орындалады.

Жүргізуші: Каспий теңізі бір кезеңдерде деңгейі көтеріліп, жағадан шығып, тасып кетеді екен. Ғалымдардың айтуынша, бұл әрбір дәуірлік мерзім сайын болып тұратын құбылыс көрінеді. Міне, сондай құбылыс ХІХ ғасырдың екінші жартысында да болған. Мұны ұлы сазгер Құрманғазы мен суырыпсалма ақын Қашаған өз көздерімен көрген. Құрманғазы бір келгенде Қашаған тап болып, екеуі тасып жатқан теңізді жағалай жүріпті. Бұл жөнінде бір суретшінің салған суреті де бар. Қашаған халықты қиналысқа ұшыратқан осы тасқын жөнінде «Топан» атты дастан шығарды. Ақын пәлсапалық ұғыммен табиғаттың қасіретті құбылысын адамзаттың имандылық, нәпсілік қасиеттерінің жоғалуымен байланыстырады. Соның жазасы деп түйіндейді. Ал Құрманғазы асып-тасып, көбіктеніп, толқып жатқан теңізді көріп, оның халыққа залалы тигеніне жаны қиналады. Оған Қашаған дастаны да қатты әсер етеді. Сөйтіп, жүрек сыздатар сазды «Көбік шашқан» күйі шыққан.

«Көбік шашқан» күйі орындалады.

Қойылым. Шәкірті – Дина.

Атақты күйші Динаға «Қайран шешем» күйін үйретіп отыр еді. Сырттан аттың дүбірі естілді. Құрманғазыны тұтқынға алып, ол домбырасын Динаның қолына ұстатады. «Мұрамды саған тапсырамын, халқыма жеткіз», – дейді.

«Қайран шешем» күйі орындалады.

Жүргізуші: Құрманғазы тек күйші емес, ол шәкірттер дайындаған ұстаз. Оның шәкірті атақты күйші апамыз Дина Нұрпейісқызы.

Жүргізуші: Кітаптағы деректер бойынша, Құрманғазы күйді түрмеден қашқаннан кейін, тынығып жатқанда жазады. Күйші жастайынан өз елінің тәуелсіздігі үшін күреседі және сол жолында талай рет түрме тұтқын болады. Сондай кездің бірінде, күйшінің түрмедегі досы, Лавочкинге анасы тамағына болат араны жасырып әкеліп береді. Сонда Құрманғазы, өзін жақтайтын түрме жасақтарының көмегімен түрмеден қашып кетеді. Шаршап, демалуға отырған күйші шабыттанып, «Түрмеден қашқан» күйін шығарады.

«Түрмеден қашқан» күйі орындалады.

Жүргізуші: Құрманғазы Маңғыстауда жүріп «Адай» күйін шығарған.

Күй «Адай» орындайтындар домбырашылар ансамблі

Жүргізуші: Құрманғазы күйлері, қазақтың мәдениетін дамытуға айтарлықтай үлкен үлесін қосты. «Күй атасы Құрманғазы» деген сөз тарихта мәңгі сақталады

**Жаннат Жаукенқызы
МАКАШОВА,**

**«Балалар өнер мектебінің» жедел
басқару құқығындағы
МКҚК директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.**

**Маңғыстау ауданы
Маңғыстау облысы.**

8 наурыз – мереке күнімен

Мақсаты: Балаларды аналарға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, мейірімділікке, сый-құрметке тәрбиелеу, оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Оқушыларға ата-ана алдындағы парызы мен қарыздары туралы түсіндіру.

Көрнекілігі: мерекеге лайық безендіру.

«Ананың көңілі балада,

Баланың көңілі далада»

Ананды Меккеге аркалап барсаң да,
қарызынан құтыла алмайсың.

«Ана – өмір себуші» атты буклеттер,
қанатты сөздер жазып, іліп қою.

Жүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты аналар мен арулар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әрбір отбасының алтын дінгегі.

Ана, Ана, Ана!... не деген шапағатты, сөз еді осынау үш әріптен құралған. Жақсылық аталуының барлығы да ананың сүтінен таралған. Сондықтан да құрметті асыл аналар, қызғалдақ қыздар бүгінгі тәрбие сағатымызды сіздердің құрметтеріңізге арнаймыз.

- Балалар, бүгінгі тақырыбымызға байланысты мен сіздерге жұмбақ жа-

сырғым келіп тұр. Шешуін таба аламыз ба?

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Бұл кім?

Балалар: Ана, Ана!

Жүргізуші: Әрине, бұл біздің аналарымыз. Ана перзент тәрбиелеуші. Ендеше, осы аналарымызға арналған бүлдіршіндеріміздің тақпақтарына кезек берейік.

Жүргізуші:

Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле.

Аққудай қалықтаған теңіздегі,

Бишілер өнерлерін көрсетуде, - дей отырып, ортаға «Балапан» биімен ұлдар мен қыздарымызды шақырамыз.

Жүргізуші: Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар. Ендігі тыңдайтындарыңыз, «Апатайым –анашым» әні.

Жүргізуші:

Қысылып еш саспандар,
Қызықты ойын бастандар.

Аналардың көңілін,

Бір көтеріп тастандар.

Ойын: «Су тасы» ортаға 3 ананы шақырамын.

Ойынның мақсаты: Аналарымыздың ептіліктерін тексеру.

Ойынның шарты: Екі орындыққа кесеге құйылған су қойылады, келесі бетте екі орындықта бос кеселер тұрады. Аналар қасықпен тасып, бірінші

кеседегі суды төкпей-шашпай екінші кесеге құю керек. Суды әдемі тасыған ана «Елті ана» дипломына ие болады.

Жүргізуші: Тіршілікке нәр берген «Ана» сүті қандай құдіретті. Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек мейірбандықтың бәрі **Ана** деген сөзбен астасып жатыр.

Жүргізуші:

Көңілі Алатаудың ақ қарындай,

Мейрімің күннің шуақ шоқтарындай.

Қалайша, аяулы ана, тына алармын,

Ән болып сағыныштан ақтарылмай, - деп абзал аналарымыз, сіздердің құрметтеріңізге «Ақ мамам» әні, қабыл алыңыздар.

Ойын: ортаға үш ана мен баланы шақырамын. Балалар аналарына жеткенше аналарына арнап жылы сөздер айту керек. Содан кейін аналары балаларына жеткенше жылы сөз айтады.

Жүргізуші:

Десек те уақытпен жарыспайды,

Қиялға қиялменен қарыштайды.

Шәкірттер шын жүректен тебіреніп,

Тақпақтарын аналарға бағыштайды.

Жүргізуші:

Аяулысың, ауылымның асылдары,

Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.

Сендер үшін ән менен күй, өлең мен би,

Сендер үшін мереке шашулары, -



дегендей «Қара жорға» биін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, біздің мерекелік ертеңгілігімізге көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет.

Деменіз біз өнерді аяп қалды,

Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.

Қош болып тұрыңыздар көріскенше,

Осымен концертіміз аяқталды.

Балалар аналарына сыйлықтарын табыс етеді.

Анара Жумашевна

ОРАЗМАГАМБЕТОВА,

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Ғафу Қайырбеков атындағы №9 орта мектебі» ММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.

Қостанай қаласы,

Қостанай облысы.

Анамды жақсы көремін

Балалар орындықта отырады, қол соғады, қуанады.

Ортаға ызылдап Ара ұшып келеді.

Ара: Ыззз, ызззз, ыззз... Ой, сәлем, сәлем, достар. Сендерді көрмегеніме біраз уақыт болыпты. Ыззз, ызззз, өздерің қандай сүйкімдісіңдер!

Енді күн жылынады. Сендермен аулада жиі кездесетін боламын.

(Ызылдап гүлді айналып ұшып шығады)

Жүргізуші: Балалар, сендер білесіңдер ме? Бүгін алғашқы көктем мерекесі! Аналардың мерекесі. Мен анама сыйлық іздеп жүріп, сендердің дауыстарыңды естіп, осында ұшып келдім. Қане, балалар, орнымыздан тұрып, аналарымызға арнап ән салып берейік.

«Көп жаса, анашым» әні орындалады.

Анашым, анам.

Ризамын саған

Тілінді алам.

Ақылды болам.

Анашым, анам,

Ыстықсың, маған.

Тәрбие бердің,

Көп алғыс саған.

Қайырмасы:

Көп жаса, анашым.

Ғұмырым, панамсың.

Көп жаса, анашым, анашым.

Ара: Жарайсыңдар, достар! Әндеріңді естіп, аналарымыз қатты қуа-

натын болды. Енді, орнымызға отырайық.

Ара: Рахмет, достарым! Мен де сендердің әндеріңді жаттап алдым.

Музыкамен қолында сеткасы бар ерке қыз келеді.

- Оп, оп, алақай! Бір көбелек ұстап алдым! Ой, мұнда көбелек те, ара да өте көп екен. Оп, оп, табиғат қандай тамаша!

Ара: Ой, балалар, мынау әлгі аулада жүретін Тентек қыз ғой...

Ара ызылдап қашады. Балалардың артына тығылады.

Тентек қыз: Жарайды, жарайды! Қорықпа, Ара, мен сені ұстамаймын!

Ара: Рас айтасың ба, Тентек қыз?

Тентек қыз: Рас айтамын! Шынымды айтсам саған риза болып тұрмын. Мен табиғатты аралап, аулада ойнап келгенше, менің кішкентай достарымды жалғыз қалдырмапсың.

Ара: Тентек қыз, мен бүгін уақытымды балалармен өткізгім келеді. Себебі — бүгін аналардың мерекесі емес пе?

Тентек қыз: Аналардың мерекесі дейсің бе? Мүлдем есімнен шығып кетіпті ғой! Кел, ендеше, Ара, екеуіміз балалармен би билеп, көңілімізді көтерейік.

«Көңілді би» орындалады.

Ара: Тентек қыз, енді балаларға жаттаған тақпақтарын айтқызып, бізде жаттап алайық.

Тентек: Келістік, табылған ақыл екен.

Ара:

Қадірлі аналар көңілі.

Көктемдей жайнап гүл ашшы.

Бақытқа толып өмірің,

Шаттыққа шаттық ұлассын, — дей отырып, бүлдіршіндеріміздің жаттаған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Тақпақтар.

1-бала:

Әлпештеген, аялаған.

Ақ сүт берген апатайым,

Тақпақ айтып, бүгін саған.

Мейрамыңмен құттықтаймын.

2-бала:

Гүлдей жайнап тұр өзі,

Мейірлене күледі.

Үйдегі бар шаруаға

Үлгереді, бір өзі.

3-бала:

Алтын апам ол менің,

Мені жақсы көреді.

Үйретеді өлеңін,

Ертегі айтып береді..

4-бала:

Әр сөзімді жаттаған,

Жүрегінде сақтаған,

Анашым деп мақтанам,

Айналайын, ақ мамам.

5-бала:

Ана — біздің күніміз,

Ана — біздің гүліміз.

Бізді, ана, қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз.

Тентек қыз: Ызылдауық Ара, кел екеуміз балалармен көңілді ойын ойнайық. Ойнаймыз ба, балалар.

Балалар: Ойнаймыз.

Қол моторикасын дамытатын ойын ойналады.

Тентек қыз: Қандай керемет, епті, жылдам балалар.

Ара: Жарайсындар, достар! Әндерің де, билерің де маған қатты ұнады.

Мен де сендерге құр алақан келген жоқпын, сендерге сүйікті тәттілеріңді алып келдім. Қазір қолымызды жуып болған соң, тәттілерді бәріңе таратып беремін.

Тентек қыз: Олай болса, уақытты текке созбайық.

Ара: Лайым мұң қонбасын жана-рыңа. Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа! - дей отыра, біз сіздермен қоштасайық.

Маржан Тоқтарқызы

БЕЙСЕМБАЕВА,

№179 бөбекжай-балабақшасының

тәрбиешісі.

Жетісу ауданы,

Алматы қаласы.



Нұр себеле, ұлыстың ұлы күні

Мақсаты:

1. Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту;

2. Оқушылардың ойлауын дамыта отыра, ой қиялын, өрісін, іздену негіздерін дамыту;

3. Оқушыларды ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу.

Әдісі: Сазды танымдық кеш.

Мұғалім: Наурыз мейрамы шығыс халқының көне күн тізбесінде жана жыл басы деп саналады. Наурыз сөзінің түп мағынасы иран тілінің «Нау» жаңа, «Руз» күн деген ұғымды білдіреді. Бұл күн — аспан денелері өздерінің ең бастапқы жеріне келіп, күн мен түннің теңелетін, жан-жануарлар төлдейтін, адамдардың аузы аққа тиетін, табиғаттың түлеп, жаңаратын шағы — осы Наурыз! Сондықтан қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. Наурыз — бақыттың бастамасы, ұлылықтың ұйытқысы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған, сезімге гүл сыйлаған, халық қастерлеген қасиетті күн «Ұлыстың ұлы күні» құтты болсын! Бәріңізді көктемнің жарқын мерекесі — Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Уәзір жар салады: Уа, халайық! 4-сынып ордасында Наурыз мерекесі

тойланбақ! Келіңіздер, келіңіздер, көріңіздер!

Ақтың молаятын,
Жарықтың ұзаратын,
Нұрдың молаятын,
Тіршіліктің жаңаратын,
Өмірдің жаңғыратын,
Пейілдің түзелетін,
Көңілдің кеңітін кезеңі —
Наурыз мерекесі басталады!

Ханшайым: Уа, халқым! Ұлыстың ұлы күні. Ата-бабаларымыздың сөзімен айтсақ, ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы. Наурыз салтанаты. Бір ай бойы тойланатын мереке міне, біздің ордамызға да келіп жетті! Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер» деп атам қазақ айтқандай, мерекені бастамас бұрын ортаға, дана қария, ақ жаулықты әже, аналарымызды шақырып, бата алайық.

2-уәзір: Құп, ханшам!

Ауыл бар ма ақсақалсыз ағасыз,
Оның айтқан әр сөзіне нанасыз.
Сөз береміз, батанды бер қарт бабам,
Тағлымыңнан зор ғибрат аламыз!
Қария бата береді.

- Қызым, ата салтын ұмытпай ұлыс тойын өткізіп жатқандарың өте жақсы екен. Үлкен рахмет.

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,
Босқа қарап тұрмаңыздар.
Наурыз тойы басталады,
Көргендер де арманда,
Көрмеген де арманда.
Қызықтан тыс қалмандар,

Жаңарғаны сананың.
Ұмытады мұны кім,
Ата салтын бабамның,
Алып келді ұлыс күн!

2-үзгі:

Келіндер, Наурыз тойға бәрің бүгін,
Аямас өнерпаздар ән мен жырын.
Тойлайық халық тойы — Наурыз-
зымның

Шуағын жерге төккен бақыт күнін.
Келіндер, Наурыз күнін қарсы ала-
йық,

Билейік, жыр жырлайық, ән сала-
йық,

Қаһарлы қыстан өтіп, Наурыз келді,
Арқанды кеңге салшы уа, халайық!

**Екеуі: Қанеки, қарсы алайық Наурыз
аруын.**

Наурыз аруы:

Тіршіліктің бастауы —
Наурыз ару мен болам.

Гүлге толы құшағы,
Құлпырады кең далам.

Үлкен-кіші аман ба?

Жаса жайлы заманда,
Уақыт үдеп келдім мен.

Бақыт тілеп адамға!

Гүл жайнаған көктемде,
Гүлден сыйлық көп менде.

Әне гүлдер келеді

Бұралып билеп береді,

Қыздар «Гүлдер» биін билейді.

1-қыз: Наурыз — бұл тек көктемнің
ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақ-
сылықтың мейрамы Ұлыстың осы бір
ұлы күні жер бетіндегі қанды соғыстар,
дау-жанжалдар тоқтатылып, адам-
дар бір-біріне деген өкпе реніштерін
ұмытып, кешірімге келіп, татуласып,
табыса білген. Халқымыз мол дастар-

қанын жайып, ақ жарқын көңілмен
жүздесіп, дәм татысып, өткен-кеткен-
нен сыр тартып, барша адам баласына
жақсылық, аманшылық тілеп, жастар-
ға ақ баталарын берген.

Той дегенде қазақтың жаны кірер,
Бағанды жас білмесе, кәрі білер.
Наурызың құтты болсын, нар аға-
лар,

Наурызың құтты болсын, бар інілер.
Жақсылық жүрегіне жыр еселер,
Биікке шарықтатар киелі өнер,
Наурызың құтты болсын, апа-әке-
лер,

Наурызың құтты болсын, ата-әже-
лер.

Желпіген аққу құстың қанатындай,
Бақ келіп ақ үйлерге қонатындай.
Қасиетті наурыз тойы пәктігіңнің,
Тойы деп айтуға да болатындай.

Ханшайым: Тамаша, мерекемізді әрі
қарай жалғастырайық. Біздің орданың
батырлары қайда, ортаға шақырың-
дар.

Үзгі: Батырлар келді.

Ханшайым: Келсін, ал батырлар, не
өнерлерің бар халыққа арнаған?

Батыр:

Батырларша билейтін биіміз бар,
Шабыттана шертетін күйіміз бар.

1-батыр:

Армысыңдар, халайық!

Бармысыңдар, халайық?

Наурыз тойын жұп жазбай,

Жылда қарсы алайық!

Мереке — наурыз жыл басы,

Наурыз тойы құтты болсын!

Еліміздің несібесі көп болсын!

Жауын жауып, жер бетіне көк тол-
сын!

Даламызға бұл жаңа жыл құт болсын!

2-батыр: Жер-жаһанды сері самалға өткізіп, жұрттың аузын аққа жеткізіп, нұр тамшыларын аямай төккізіп, қиындықтың бәрін келер жылға өткізіп, Самарқанның көк тасын ерітіп, алтын күрекпен жер жүзін жібітіп, тас жүректерді мейіріммен үгітіп, жеті қат жер астына дейін балқытып, жыл құстарының әнін шалқытып, Жетісуға жасылдан көйлек кигізіп, Сарыарқаны самал желге сүйгізіп, Алатаудың төбесінен көкке тигізіп, Қаратауға құт-берекені үйгізіп, жеттің бе, өз-Наурыз!

3-батыр: Ақ бұлақтарды ақтарып, шың-құздарды шаттанып, тізбектеп тырналарды, шоршытып балықтарды, шапшытып арықтарды, тербелтіп қайыңдарды, қаздарды қаңқылдатып, найзағай жарқылдатып, айтып ертегінді, жайып желкенінді, жеттің бе өз-Наурыз?!

Наурыз туралы ән айтылады.

Сүйінші, сүйінші ордамызға домбырасын асынып сал-серілеріміз келе жатыр!

(Атпен шауып домбыра асынған 3 оқушы келеді. Құшақтасып көріседі)

- Армысың, қазақ халқым! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Осы ауылда той болып жатқанын естіп, ат басын бұрдық.

Ханшайым: Қош келдіңіздер, серілер. Қандай өнерлеріңмен тамсандырасыңдар мына жұртты?

Өз өнерлерін көрсетеді.

(Күй тартып, домбырамен ән айтады) Қонақтарды төрге шығарып құрметтейді.

Ханшайым: Уа, халқым, қазақта той бастар деген бар, ауылдың алты ауызын бастайық.

«Қазақы дастархан» әні орындалады.

Туғаннан соң адам боп,
Білімсізден жаман жоқ.
Ел дәстүрін білмесең,
Жұрт айтады «надан» деп.
Кең даланың ежелгі,
Қазақ дейтін халқымыз.
Өзге ұлттай біздің де,

Бар дәстүр мен салтымыз, - деп ана-ларымыз ежелден келе жатқан «бесікке салу» рәсімін көрсетпек.

Аналар бесікке салу дәстүрін көрсетеді, ән айтады.

Ханшайым: Ал, батырлар не тұрыс, тойымыздың ең қызықты сәті айтыспен ойын емес пе? Айтыскерлеріміз ортаға келсін.

Айым қыз:

Айтыс айтыс болады,
Өлең айтса жөнімен.
Наурыз тойын қыздырып,
Кім айтысар менімен?

Ернат:

Біздің Айым шикылдап,
Ұқсайды екен шөжеге.
Шөлдеп қапты шөжелер,
Шөлдегенге көже бер.

Айым:

Шуылдаған қозыдай,
Ойнайтұғын Ернатым.
Көже берсе тауыспай,
Қоймайтұғын Ернатым.

Ернат:

Қадай алмай түйменді,
Жылауынды қойдың ба?
Сабағынды апаңнан,
Сұрауынды қойдың ба?

Айым:

Сүрінгенді мазақтап,
Жөнің жоқ қой күлетін.
Сен дейсің бе саусағының
Санын білмей жүретін.

Бірге:

Жылдың басы — Наурыз,
Жырдың басы — Наурыз.
Наурызға жыр арнап,
Айтысамыз әлі біз.

Арқан тартыс» ойынын ойнау.

Шайылғандай мұң, кірбің Наурыз
тойда,

Жабықпайсың жаныңда наз ән бар-
да.

Нағыз әже ойлайды нағыз салтты,
Наурыз көже қайнайды қазандарда.

Әже сөйлеп наурыз көже береді.

Ханшайым:

Олай болса, үзіліп ән қаймағын,
Шаттығына шомылсын арда айма-
ғың.

Берік ұстап қолына ар байрағын,
Болашаққа самғай бер, Нар мейра-
мым!

1. Ұлыс күні қазан толса, ол жылы
ақ мол болар;

2. Ұлыс күні ұлы кісіден бата алса,
ол жылы олжалы болар;

1. Ұлыс күні құтты болсын, төрт тү-
лік сүтті болсын;

2. Ұлыс күні береке берсін, жаман-
дық жерге енсін;

1. Ұлыс бақты болсын, төрт түлік
ақты болсын!

Батырлар: Думан думанға ұлассын,
еліміз аман болсын. Бүгінгі думаны-
мызды «Қара жорға» биімен аяқтасақ.

Айгүл Жанатқызы

АДИЛОВА,

№142 жалпы білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы қаласы.

Қызықты география

Мақсаты: қоршаған орта табиғатын
аялауға, ұжымшылдыққа және бір-бі-
рін сыйлауға, адамгершілікке тәрбие-
леу.

Сабақтың көрнекіліктері: дүние жү-
зінің саяси картасы, атлас, интерак-
тивті тақта.

Түрі: сайыс.

Барысы:

**I. Сәлемдесу, сайыс тақырыбы, мақ-
саты;**

II. Ұйымдастыру:

**1. 1 Қатысатын оқушыларды таныс-
тыру;**

1. 2. Әділ қазылар алқасын сайлау;

**1. 3 Сайыстың кезендерімен және
шарттарымен таныстыру;**

III. Қорытынды;

IV. Марапаттау.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті
ұстаздар, оқушылар және бүгінгі са-
йыстың қатысушылары! Біздің «Қы-

зықты география» атты кешке қош келдіңіздер! Кешімізді бастамас бұрын осы география ғылымы туралы айтып өтейік.

География ғылым ретінде ежелгі Грекияда туған. Біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген грек ғалымы Эратосфен өзінің Жерді сипаттауға арналған еңбегін «география» деп атаған және ұзақ уақыт бойы география жаңа жерлерді ашып сипаттаумен ғана айналысатын ғылым деп есептелініп келді. ХІХ ғ. басында бүкіл Жер шарында ашылмаған жер қалмаған екен. Осыған орай географияның міндеттері де өзгерді. Ендігі жерде ол Жер бетіндегі денелер мен құбылыстардың таралуын сипаттап қана қоймай, олардың себебін түсіндіретін ғылымға айналды. Сондықтан қазіргі жарысқа түскен оқушылар әлем ғажайыптарын ашып қана қоймай, Жер шарындағы материктер туралы білімін көрсетеді.

Бүгінгі сайысқа 8, 9, 10-сынып оқушылары қатысады, яғни әрбір сыныптан өз сынып беделін, сыныптың намысын қорғауға 4 оқушыдан топ болып шығады. Сонымен, бізде 6 топ қатысады.

Сайысты бағалайтын және сын беретін әділ қазылар құрамымен таныстыру.

Жүргізуші:

Білім деген биік шың,

Бақытқа сені жеткізер.

Білімді деген ақылшын,

Қиындықтан өткізер, - деп сайысымыздың шарттарымен таныстырып өтейін. Сайысымыз 6 кезеңнен тұрады:

Кезеңдері:

1. Таныстыру (топ аты, ұраны, төсбелгісі);

2. Қызықты сұрақтар;

3. «Өнерлі өрге жүзер» — үй тапсырмасы (Табиғат туралы сурет салу, оны қорғау, панно, табиғат туралы өлең шығару немесе ақын жазушылардың табиғат туралы өлеңін мәнерлеп оқу, ұлттық би).

4. «Картограф» картадан берілген координата арқылы объектіні табу;

5. «Әлем ғажайыптары» — слайдта берілген әлемдегі танымал жерді анықтау;

6. «Қоржын» — қоржын ішіндегі географиялық құралдарды анықтау, сипаттау.

I тур: Сайысымыздың бірінші кезеңі «Таныстыруға» кезек берейік. *(Топтар өздерін таныстырады).*

II тур. «Қызықты сұрақтар».

Мұнда әр топқа 5 сұрақтан беріледі. Әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады. Сайысқа қатысатын топтар кезек кезек жауап береді. Егер жауабы жоқ болса, келесі топ мүшелері жауап беруге мүмкіндік алады.

1-топқа:

1. Әлемдегі ең үлкен түбек — Арабия (3 млн км²)

2. Әлемдегі ең ірі және тұңғыш ашылған ұлттық парк — (Йеллоустоун, АҚШ)

3. Әлемдегі ең биік сарқырама — Анхель (1054 м.) онт. Америка

4. Құрлықтағы ең жылдам жануар — Қабылан (100 км/сағ.)

5. Әлемдегі теңіз деңгейінен ең төмен орналасқан нүктесі — Өлі теңіз.

2-топқа:

1. Әлемдегі ең тұзды теңіз — Қызыл теңіз;
2. Әлемдегі ең үлкен және ең терең каньон — Колорадо;
3. Әлемдегі ең биік сүтқоректі — Керік (6 м);
4. Әлемдегі ең құрғақ жер — Атакама шөлі (жылына 1 тамшы жаңбыр жаумайды);
5. Әлемдегі ең ескі тау — Орал таулары (ұзындығы 2,5 мың км).

3-топқа:

1. Әлемдегі ең ұзын өзен — Ніл өзені (6671 м);
2. Әлемдегі жерінің аумағы жағынан ең үлкен ел — Ресей;
3. Әлемдегі ең ірі дүние бөлігі — Азия (44 млн км²);
4. Әлемдегі ең ірі тұқым — Кокос пальмасы (20 кг);
5. Әлемдегі ең ұзын тау — Анд (9000 км).

4-топқа:

1. Әлемдегі ең үлкен көл — Каспий (390 мың км²);
2. Әлемдегі ең аласа материк — Аустралия (биіктігі 215 м);
3. Әлемдегі ең ұзын бұғаз — Мозамбик (1670 км);
4. Әлемдегі ең биік ағаш — Секвойя (100 м);
5. Әлемдегі ең биік тау — Гималай (Джомолунгма, 8848 м).

5-топқа:

1. Әлемдегі ең ұзын тұщы көл — Танганьика (1470 м);
2. Әлемдегі ең ұзын мемлекет — Чили (4300 км);
3. Әлемдегі ең суық жер — Антарктида (83°C);

4. Құрлықтағы ең ірі жануар — Африка пілі (7,5 тонна);

5. Әлемдегі ең суық қуатты ағыс — Батыс желдер ағысы.

6-топқа:

1. Әлемдегі ең ірі мұхит — Тынық мұхиты (179 млн км²);
2. Әлемдегі ең суы мол өзен — Амазонка (6400 км);
3. Жер шарындағы ең жоғарғы температура қайда тіркелген? (Африкада — Триполиде тіркелген, +58°C);
4. Әлемдегі ең ірі жылан — Анаконда (200 кг);
5. Әлемдегі ең ірі ойпат — Амазонка.

III тур. «Өнерлі өрге жүзер» — үй тапсырмасы (Табиғат туралы сурет салу, оны қорғау, панно, табиғат туралы өлең шығару немесе ақын-жазушылардың табиғат туралы өлеңін мәнерлеп оқу, ұлттық би).

IV тур. «Картограф» — картадан берілген координата арқылы объектіні табу.

1. 38° с.е. 77° б.б. — АҚШ, Вашингтон;
2. 16° о.е. 47° б.б. — Бразилия, Бразилия;
3. 39° с.е. 32° ш.б. — Түркия, Анкара;
4. 47° с.е. 106° ш.б. — Монғолия, Улан-Батор;
5. 51° с.е. 71° ш.б. — Қазақстан, Астана;
6. 34° о.е. 58° б.б. — Аргентина, Буэнос-Айрес.

V тур. «Әлем ғажайыптары» — слайдта берілген әлемдегі танымал жерді анықтау.

1. «Эйфель» мұнарасы — Париждің ең танымал сәулеттік туындысы. Өзі-

нің әйгілі құрастырушысы Густав Эйфельдің атымен аталған.

2. «Бостандық» мүсіні — Нью-Йорк. Солтүстік Америкадағы ағылшын иелігіндегі жерлердің азаттық күресіндегі Франциямен болған одақтастыққа ескерткіші ретінде Францияның АҚШ-қа тартқан сыйлығы.

3. Тәж-Махал кесенесі — Үндістандағы ең әйгілі ғимарат және ЮНЕСКО әлемдік мұра нысаны. Делиден 204 шақырым жерде орналасқан. Әлемге танымал бұл монумент Агранның жанындағы Жанума өзенінің жағалауында орналасқан. Тәж-Махал кесенесін Ақсақ Темірдің ұрпағы Жақан шах қайтыс болған тоқалы Мұмтаз Махалға арнап салдырған.

4. Ұлы Қытай Қорғаны — Қытайдағы ежелгі қорғаныс құрылысы.

5. «Семирамида» бағы — Вавилонның патша сарайындағы алып құрылыс. Әлемнің жеті кереметінің бірі. Бұл сәулет туындысы ежелгі дәуірде билік жүргізген патша Навуходоносор II бұйрығымен өзі тұратын сәулетті сарайдың кең ауласында тұрғызылған. Тарихи деректерге қарағанда, Навуходоносор б.з.б. 605-562 жылдар аралығында патшалық етіп, Вавилон империясын құрып, кейін Вавилон қаласының атағын шығарған.

6. Александрия шамшырағы — мысырдың Фарос аралында. Александрия шамшырағы өзінің негізгі міндеті — теңізшілерге жол көрсетуден

басқа, бекініс қызметін де атқарған.

VI тур. «Қоржын» — қоржын ішіндегі географиялық құралдарды анықтау, сипаттау.

1. Анеройд-барометр — ауаның қысымын өлшейтін құрал;

2. Сейсмограф — жер қозғалысын, сілкіну аймақтарын таспаға түсіретін құрал;

3. Флюгер — желдің бағытын өлшейтін құрал;

4. Жауын-шашын өлшеуіш — жауынның мөлшерін анықтайды;

5. Теллурий — Күн, Жер, Айдың қозғалысының моделі;

6. Шаш гигрометрі — ауадағы ылғалдылықты анықтайды.

III. Қорытынды бөлім.

Жүргізуші:

Ғылымның сырын ұғына,

Шығындар білімнің шыңына.

Дарындылық пен тапқырлық,

Жеткізеді сіздерді,

География сырына, - дей отырып,
сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз!

Сайыстың қорытындысын шығару.

Әділ қазыларға сөз беру.

IV. Сайысқа қатысушы топтарды марапаттау.

Гулфайруз Куанышевна
СУИНДИКОВА,

№32 жалпы білім беретін мектептің
география пәні мұғалімі.

Түрксіб ауданы,
Алматы қаласы.

Қорықтар – табиғат қорғаны

Мақсаты: Оқушыларға табиғатты қорғаудың ұтымды жолдарының бірі — қорықтар туралы мағлұмат беру. Жойылып бара жатқан, сирек кездесетін аңдар, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау мақсатында ұйымдастырылатын қорық пен Қызыл кітап туралы айта отырып, оқушыларды табиғатты сүйуге, қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру.

Көрнекілігі: Қазақстанның қорықтары мен ұлттық саябақтары жазылған таблицалар. Жануарлар, құстар мен өсімдіктердің буклеттері, альбомдар, Қызыл кітапқа енген жануарлар, құстар.

I. Кіріспе бөлім:

Табиғатта қорғаудың ұтымды әрі негізгі жолы — қорық. Қорықтар әрбір табиғи аймақтардың өзіне тән ерекшеліктерін жан-жақты көрсете алатын, барлық табиғат байлықтары қорғауға алынған алқаптарды қамтиды. Қорық ұйымдастырылған жерлерде ешқандай шаруашылық жұмыстары жүргізілмейді. Ондағы табиғи құбылыстар мен заңдылықтар өз бетінше жүреді. Қорықты жерлерде тек қана ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі, сондықтан қорықтар ғылыми мекемелер қатарына жатады. Осыған орай қорықтарды «Табиғат эталоны», «Табиғат зертханасы» және «Ашық аспан астын-

дағы табиғат мұражайы» деп атайды.

«Қорық» деген сөздің түбірінің өзі «қор», «қорғау» ұғымдарымен тамырласып жатыр. Қазақстан жеріндегі қорықтарды ұйымдастыру тарихы өте ерте кездерден басталды. Ертедегі көпшілік ата-бабаларымыз табиғаттың тамаша көрікті аудандарын қорық деп жариялап, ерекше қорғай білген және бейберекет ешкімнің қол соғуына рұқсат етпей, қатаң түрде қорғауға алған. Ертеде мұндай қорықтар көбіне «хан қорығы» деп аталған. Өйткені, оларды хандар қорық деп жариялап, өздері ғана пайдаланған.

Соңғы жылдары елімізде табиғат қорғау шараларына айрықша көңіл бөлініп, әрбір аймақтың табиғи ерекшелігін сақтап қалу және оны көрсету мәселесіне ғылыми тұрғыдан үлкен мән беріліп отыр.

Қазақстан жерінде қазіргі кезде 9 мемлекеттік қорық ұйымдастырылған. (Кесте бойынша түсіндіремін). Ең алғашқы ұйымдастырылған қорық — Ақсу-Жабағылы қорығы. Ол Батыс Тянь-Шань тау жоталары сілемдерінің, Талас Алатауы мен Өгем тауларының табиғатын қорғау мақсатымен 1926 жылы ұйымдастырылған. Бұл алқаптың өзіне тән өсімдіктері мен жануарлары түгелдей қорғауға алынған. Өсімдіктің 1400-ден астам түрі бар, 200-ге жуық дәрілік өсімдік-

тің түрі кездеседі. Қызыл кітапқа енгізілген, сирек кездесетін жануарлардың да алуан түрлерін осы қорықтан көреміз.

Әрі қарай басқа қорықтар туралы оқушылар таныстырады.

II. 1-оқушы:

Қорықтың атасы — Ақсу-Жабағылы,

Қолдайтын ЮНЕСКО да санап ірі.

Қорғаштап жарты ғасыр келе жатыр

Табиғат дейтін аса бағалыны.

Қара арша, барша арша, сауыр арша,

Жамылған Талас, Өлге тауы қанша,

Қарақат, мойыл, бадам мөлдірейді,

Қалампыр, раушан көздің жауын алса.

2-оқушы:

Көресің көктен бүркіт, лашынды,

Қорғалар аю, барыс мұра сынды.

Санатқа еніп сансыз тоғайлар да,

Сан алуан түрлі шөптің сыры ашылды.

Таутене сарт еткенде беріп хабар,

Алдыңнан арқар үркіп, елік тарар.

Ойларсың аңға да күн келе ме деп,

Адамға қамқоршы деп сеніп қарар.

3-оқушы:

Суырдың көгі де жүр, қызылы да,

Байқалмай жол мен күннің қызылы да.

Жан-дүниенің барған сайын балқи түсіп,

Батарсың табиғаттың қызығына.

Аң-құсын, алуан шөбін, аршаларын,

Зерттеуге зер салып жүр қанша ғалым.

Осы жер аза тұтып көрсетті елге,

Атақты динозавр қаңқаларын.

Ақсу-Жабағылы қорығының әсем-табиғаты, оның хайуанаттар дүниесі мен өсімдіктер әлемі, жалпы қорықтың табиғат қорғау ісіндегі маңызы жөніндегі көрнекі материалдарды қорық мұражайынан табасыз. Қорық өзінің 75 жыл тарихында Қазақстанның табиғат байлықтарын қорғау ісіне орасан зор үлес қосты.

4-оқушы: Наурызым қорығы — 1929 жылы Қостанай облысының оңтүстігінде Наурызым ауданындағы құрғақ далалы аймақтың табиғат байлығын қорғау үшін ұйымдастырылды. Қарауытқан қарағайлы тоғай, құм шағылдар, шоқ қайыңдар мен дала шөптері — міне осының бәрі тұтасып Наурызым қорығын құрайды. Қорық жерінде ертеден сақталып қалған Наурызым қарағайлы орманы мен далалы аймақтың көптеген шағын көлдері бар. Қорықта гүлді өсімдіктердің, құс, сүт қоректілер мен жорғалаушылардың, балықтар мен қосмекенділердің алуан түрлері кездеседі. Тіпті, жер бетінен жойылып бара жатқан, өте сирек кездесетін Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар мен өсімдіктер де көптеп саналады. Ал, сол Қызыл кітап дегеннің өзі не, ол қандай кітап?

5-оқушы:

Келеді кез, біздің күрделі кез!

Жаутандайтын адамға түзде мың көз.

Қызыл кітап —

Опат боп кеткен аңның

Бастарына қойылған қызыл күмбез.

Қашқан кезде адамнан ізін қандап,
Тау ешкісі өтеді құзынды аңдап.

Қызыл кітап — тірі жан тимесін деп,

Хайуанатқа берілген қызыл мандат.

6-оқушы: Бағдаршамның қызыл көзі жанып тұрғанда көшеден өтуге болмайтыны секілді қызыл түстің кейде тыйым салу белгісін білдіретіні барлығымызға да түсінікті. Сондықтан, сирек кездесетін, жойылып кету қаупі төнген, айрықша шараларды қолдануды қажет ететін хайуанаттар мен өсімдік түрлері тіркелген арнайы кітап — «Қызыл кітап» деп аталады.

7-оқушы:

Наурызым — қорықтардың ормандысы,

Ішіне алуан аң мен толған құсы.

Алапқа атын жыр ғып айта жүрер,

Бір рет ну төрінде болған кісі.

8-оқушы:

Бірінің — бірі қостап сәнін құптай,
Достасқан көктерек пен талын жұптай.

Қарағай арасынан қарар қайың,

Көп жігіт ортаға алған қалыңдықтай.

«Өз елім» әні орындалады.

9-оқушы:

Аптапта жанға сая, желге пана,

Орманды жер ауасын емге сана.

Үй, жиһаз, жылу алған қажет өмір,

Ормансыз екі аяғың тең баса ма?!

10-оқушы:

Тарихта орман ерте танығанмын,
Ормансыз көрдің бе өмір дамығанын?

Бір ағаш кессем, он ағаш егем,

Киелі орман — қара шаңырағым.

11-оқушы:

Алатау Жетісумен құшақтасқан,

Еліне қазыналы қойнын ашқан.

Бауырында Алматыдай ақ қала бар,

Бауырлас орыс, қазақ араласқан.

Жайлау бар бұл талдарда шөбі шалғын,

Көк майса ойы-қыры — бәрі балғын.

Қызығын көк жайлаудың көрем десен,

Шалғынға бауырың төсеп жата қалғын.

12-оқушы: Алматы мемлекеттік қорығы — 1931 жылы ұйымдастырылған. Ол асқар Алатау аясында орналасқан. Қорық аумағына Үлкен Алматы, Талғар, Есік, Түрген, Шелек, Таушелек, Табан қарағай орман алқаптары, Сөгеті даласы, Бөгеті тауы мен Іле өзені жағасындағы Сарышаған мен Қаратүлек жері жатады.

13-оқушы:

Қарағай жамылған тау асқарлары,

Тиіп тұр ақ бұлтқа көк аспандағы.

Көмкерген бұйра бұта, тентек өзен.

Тепкілеп ағып жатыр тасты орманы.

Күй орындалады.

14-оқушы:

Жыртқышты қарауылға ілсек кеше,

Құмаймыз бүгін көріп жүрсек неше.

Оқа емес құздан ырғып шұбар ба-
рыс,

Бауырында бір тау ешкі тырп етпе-
се.

15-оқушы:

Білмейді мерген жайлы, ажал жай-
лы,

Өмірден өз үлесін ала алмайды.

Таушымшық, самырсын құс, аша-
торғай,

Қаласа Алматыны базарлайды.

16-оқушы: Барсакелмес қорығын-
да көзге бірден түсетін тұяқты аңдар
тіршілік етеді. Соның ішінде көп та-
рағандары: құлан, қарақұйрық, шөл
даланың сәні — ақ бөкендер. **«Таби-
ғатым» әні орындалады.**

17-оқушы:

Аралда ауырып аң тұрса емделген,
Жұтта азық жеткізіліп үлкен жер-
ден.

Қорғалған зәлім — қасқыр, қу түл-
кіден,

Қорғалған қой терісін бүркенген-
нен.

18-оқушы: Құс базары атанған
Қорғалжың қорығы 238,9 мың гектар
жерді алып жатыр. Оның көп бөлігі
көлдерден тұрады. Көктем мен күз
айларында бұл көлдің беті қанатты-
лардан көрінбей кетеді.

«Аққу» биі орындалады.

19-оқушы: Марқакөл қорығы 1976
жылы ұйымдастырылған. Қорық же-
рінде мыңнан аса өсімдік түрлері, ба-
лықтардың, қосмекенділердің, жор-
ғалаушылардың, құстар мен сүтқо-
ректілердің алуан түрлері кездеседі.

«Туған жер» әні орындалады.

Баяндама: Ұлттық саябақтар

Республикада ерекше қорғалатын
табиғи аумақтарға — мемлекеттік қо-
рықтар, ұлттық табиғи саябақтар,
республикалық мәні бар табиғи ес-
керткіштер, қорықшылар, зоология-
ның саябақтар, ботаникалық бақтар,
т.б. экологиялық тұрғыдан ғылыми,
мәдени және тарихи құнды табиғи
объектілер жатады.

Республикада табиғат қорғаудың
екінші саласы — ұлттық саябақтар.
Дүниежүзінің көптеген елдерінде
ұлттық саябақтар ерте кездерден бас-
тап-ақ ұйымдастырылған. Ең алғаш
«Йеллоустоун» ұлттық табиғат сая-
бағы (АҚШ-та) 1872 жылы ұйымдас-
тырылған. Ұлттық саябақтың негізгі
міндеттері — табиғатты қорғау шара-
ларымен қатар, табиғатты қалпына
келтіру, сақтап қалу, туризмді дамы-
ту; Кейде арнайы рұқсат бойынша
белгілі бір мөлшерде аң аулауға да
жағдай жасалынады. Қазір Респуб-
ликада 5 ұлттық саябақ ұйымдасты-
рылған.

**III. Жұмбақтар, мақал-мәтелдер
айтып жарысу.**

IV. Қорытындылау.

С. ЖАНСҮГІРОВА,

**№8 жалпы орта білім беретін
мектептің география пәні мұғалімі.**

Шалқар ауданы,

Ақтөбе қаласы.

Үлкеннің көрсетер ілтипаты

Мақсаты: «Сыйластық», «құрмет» адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Үлкендерге сыйластық, құрмет көрсету үшін дұрыс әрекет жасауға баулу.

Міндеттері:

- үлкендер мен кішілер арасындағы сыйластықты түсіндіру;
- сыйластықты қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту;
- үлкендерді сыйлауға, кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд, ой қозғау тапсырмалары, қосымша көрнекіліктер.

Әдісі: топпен жұмыс, сұрақ-жауап, талдау, түсіндіру

Тәрбие сағатының барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушыларды тақырыппен таныстыру;
2. Топқа бөліну.

II. Тәрбие сағатының барысы: Тәрбиеші сөзі. Қымбатты оқушылар сіздерді бүгінгі «Үлкеннің көрсетер ілтипаты» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер демекпін.

Қане, бәріміз бір-бірімізге жақсы тілек тілеп бастайық. (Жүректен жүрекке)

Әдепті бол! Мейірімді бол! Кішіпейіл бол! Инабатты бол!

Тәрбиеші: Топқа бөлу.

I топ: «Құрмет»; II топ: «Ізет».

1. Екі топқа талдау

Әңгімелесу:

- Үлкенге құрмет, кішіге ізет дегенді қалай түсінесіңдер?
- Үлкендер мен кішілер арасындағы сыйластықты қалай түсіндірер едіңіз?

• Өзара сыйластыққа қалай жетуге болады?

• Достарыңмен арада қандай сыйластық бар?

Балалардың өз ойларын еркін айтуына және сыйласымды қарым-қатынас жасау адамның өзіне байланысты екенін түсіндіру.

Тәрбиеші: Халқымызда «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген мақал бар. Бұның өзі өсіп келе жатқан әрбір жас ұрпақты имандылыққа, мейірімділікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Қазақ халқының салтында үлкенді сыйлау әдептіліктің бір үлгісі болып табылады. Ата-ананы сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету адамның ең қастерлі қасиеттерінің бірі. Кіші үлкенді сыйласа, үлкендер де өз тарапынан оған лайық ықылас білдірген. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнаған. Ол әдетке айналып әдептілік ережелерін тудырған. Үлкендер отырған жерде сөз жарыстырмай, ізет көрсете білу, көңілге қарай сөз айту, қажет кезде өзінді ұстай білу халық дәстүрінде қалыптасқан қасиеттер.

2. Мәтінмен жұмыс. «Әдептілік әліппесі» (Н. Шакузадаұлы)

Әңгімені оқып, талдау арқылы адамның әр ісінде, жүріс-тұрысында сыйластық қажет екенін ұғындыру.

Сұрақ:

- Әдепті әдетке қалай айналдыруға болады?
- Әдептілік адам бойындағы қандай қасиеттерден көрініс табады?
- Әдептілікті біз не үшін үйренеміз?

3. Бейнеролик «Тәрбие отбасынан бас-талады» (талдау жұмысын жүргізу)

4. Жағдаяттарды талдау

1-топқа:

1-жағдаят: Құрметті достар! Партада менімен бірге бір бала отырады. Ойнап-ойнап тапсырмасын орындамай, жазбай келеді. Мұғалім сұрағанда қысылады. Сабқты менің дәптерімнен көшіріп алады. Мен бермесем, «Сен сараңсың» - дейді.

- Мен не істеуім керек?

2-жағдаят: Қонақтар шақырылған уақытта бәрі жиналды. Қонақтардың бәрі де бірін-бірі жатырқамай, тез шүйіркелесіп кетті.

Әңгіме күнделікті қажетті заттардың қымбаттауы туралы айтылған кезде, осы үйдің ұлы Самат та үлкендердің сөзіне араласып, өз ойын білдірді: - Иә, тіпті базардағы тамақ та қымбаттап кетіпті. Оны анам екеуіміз базарға барғанда бірақ білдік. Тіпті, өрік-мейізді алмай-ақ қойса болмай ма? - десем, «Қонақтардан ұят болады, олар бізді жағдайы жоқ екен деп ойлап кетпей ме» - деді ... Қонақтар бір-біріне қарады.

2-топқа:

1-жағдаят: Жоғары сынып оқушылары ішінде бас киімдерін дәлізде киіп жүруі немесе қоңырау арасында алысып ойнау сияқты кемшіліктер кездеседі. Оны көрген төменгі сынып оқушылары: «Е, ағаларымыз не істесе, біз де соны істейік» деген ой қалыптасады. Сіздің ойыңыз қандай?

2-жағдаят: Назым әп-әдемі келісті қыз. Алайда, даусы дөрекі, сөзі ірі. Қарқылдап күледі. Бір қарағанда нәп-нәзік, биязы бойжеткен көз алдыңызда біртіндеп, әуелде көңілде ұялаған әдемі сипатынан айрылып жүре береді.

Назымға қандай кеңес берер едіңіз?

5. Топтық жұмыс

А. Линкольн «Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе — оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деген дәйексөзді талдау. Постер қорғау.

6. Кім жылдам?

Қазақ халқының дәстүріндегі үлкенді құрметтеу әдебіне байланысты қағидаларды жалғастырыңыз:

- үлкендер алдында адуындап кіріп, ... асқақтап сөйлем;

- сырттан жасы үлкен адам кірген кезде, ... орнынан тұрып сәлем бер;

- үлкенге құрмет, ... кішіге ізет көрсет;

- жасы үлкенге иіліп сәлем беру, ... алдынан барып есік ашу, ... үйге бұрын кірмеу;

- алдынан барып есік ашу, ... үйге бұрын кірмеу;

7. Есінде сақта!

1-ереже: Үлкенді қандай жағдай болмасын құрметтей біл;

2-ереже: Кішіні сыйласаң, бәрі жақсы болары анық;

3-ереже: Үлкенге жасаған жақсылықтар ешқашанда артық болмас;

4-ереже: Кішіге қамқорлық жасай біл, олар сені сыйласын десен;

5-ереже: Жақсы тәрбие үлкенді сыйлап, кішіні ізеттеуден басталады.

Қорытынды.

Сіздерді әдепті де, ақылды, адамгершілігі мол, үлкенді сыйлай білетін, кішіге қамқоршы, ата-анаға көмекші, адамдарға мейірімді бола біледі деп сенім білдіремін.

Айнур Курмановна
КАКИМОВА,

Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты
тәрбиешісі.
Батыс Қазақстан облысы.

Риза боп саған жүрміз, сүйікті біздің Әліппе!



Самал Сагатовна
РАЙЫМБЕКОВА,
№34 негізгі орта мектеп»
КММ бастауыш сынып
мұғалімі.

Сарыобалы ауылы,
Қарқаралы ауданы,
Қарағанды облысы.

Мақсаты: Оқушылардың әліппені оқу кезеңіндегі алған білім, тәрбиесін, білімін және дағдысын байқау, өнерлерін көрсету.

Көрнекілігі: Әріптер, буындар, жалаушалар, Әліппе, Ана тілі оқулығы, шарлар.

Сабақтың барысы:

Мұғалім: Құрметті ата-аналар! 1-сыныптың «Риза боп саған жүрміз, сүйікті біздің әліппе!» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Енді балалары-

ңыздың 4 ай бойы алған білімдерін тамашалаңыздар.

1-оқушы:

Армысыздар, аналар,
Бармысыздар, балалар.
Сөзіме құлақ салыңыз,
Бір серпіліп қалыңыз.
Әліппеге арналмақ,
Бүгінгі жыр-әніміз.

2-оқушы:

Өтті оқу сан сабақ,
Бүгін үлкен салтанат.
Басқа оқулық достаспақ,
Әліппемен қоштаспақ.

3-оқушы:

Әліппе деген алтын жол,
Апарады сені алысқа.
Жеңіл емес ауыр жол,
Тырысып бақ намысқа.

Мұғалім: Балалар, мына сұраққа жауап беріңіздерші:



Іші толы әріпке
Білімдегі жарық не?

Оқушылар:

Болашаққа жол ашқан,
Ол сүйікті Әліппе.

Осы кезде ортаға Әліппе шығады.

Әліппе: Армысыздар, жас достар!

Армысыздар, ата-ана!

Болашаққа жол ашар,

Әліппе келді ортаға.

Білім деген ғылымның,

Әліппесін меңгерген.

Келешегі қазақтың,

Басталады сендерден.

Жақсы білім көрімдік,

Болсын сізге халайық.

Не үйрендік, не білдік,

Қане, ортаға салайық!

«Ата-ананы тыңдаймыз» әні орындалады.

Мұғалім: «Оқу инемен құдық қазғандай» демекші, білім де сондай қиын жол, біздің алдымызда «Алтын есік» тұр, кілтін тапсақ есік ашылады. Бұл үйде бір қымбат қазына бар, соны іздеуге барамыз ба?

Мұнда 42 әріп тұрады. Олар қызыл, көк, ал екеуі қара көйлек киіп жүреді. Бұлар қандай дыбыстар екенін тапсаңдар, алтын есік ашылады.

Оқушылар:

Қызыл көйлекті — дауысты дыбыстар.

Көк көйлекті — дауыссыз дыбыстар.

Қара көйлекті — жуан және жіңішкелік белгісі.

Әліппе: Балалар, сендер қазақтың Әліппе оқулығын алғаш кім жазғанын білесіңдер ме?

Оқушылар: Ол — Ыбырай Алтынсарин атамыз.

Әліппе: Ол кісі сендерге қандай өсиет қалдырды?

4-оқушы:

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық.

Әліппе: Жарайсындар, балалар. Олай болса, маған деген алғыстарыңды қалай білдіресіңдер?

«Әліппе» әні орындалады.

5-оқушы:

Келгенде алғаш мектепке,

Білмеуші едік әріп те.

Оқимыз қазір ертек те,

Үйреттің оны Әліппе.

Енді біз жаза аламыз.

Әріпті қосып әріпке.

Ырза боп саған жүреміз,

Қош, бол сүйікті Әліппем!

6-оқушы:

Әліппем, менің Әліппем,

Сені қолға алып мен.

Есігін аштым мектептің

Ертегі сәуле жарықпен.

7-оқушы:

Қош бол, құтты Әліппем!

Көп нәрсені үйреттің.

Таныстырып әріппен,

Тақылдатып сөйлеттің.

«Әліппе» әні орындалады.

Әліппе: Рахмет, балаларым. Оу, балалар, менің әріптерім қайда?

А: Әліппе менен басталып,

Болған соң өзім бас қаріп.

Мереке, дулы жиынды

Жүремін әр кез басқарып.

Ә: Бас әріпке інімін,

Дауыстының бірімін.

Ә дегенің Әліппе,
Бастауы бар білімнің.

Б: Б дегенің бала ғой,
Жұмсаса апаң бара ғой.

В: В дегенің вал деңіз,
Толқын күшін шамалар.

Г: Гу деп алғаш бөбектер,
Гүлдейді ақырын.

Е: Елге есті ер керек,
Ер жет өстіп ертерек.

Ж: Жыр алыбы Жамбыл ата,
Ардақтайды оны бала.

И: Иба, әдеп, ақыл-ой,
Имандылық басы ғой.

М: Мектеп берген біліммен,
Марқаясың жас ұлан.

Т: Т дегенім жеңімпаз,
Туымыз ғой қолдағы.

Тақтада жазылған сөздерге дыбыс-
тық талдау жасату: **аға, тақта, балапан,
ойыншықтар, вокзал.**

Әліппе: Балалар, менің дәптер, қа-
лам, қарындаш сияқты достарым бар.
Олармен сендер де дос шығарсыңдар?

7-оқушы: Иә, әліппе оларды біз оқу
құралдары деп атаймыз. Міне, өздері
де біздің арамызға келіп қалып-
ты.

**«Өшіргіш пен қағаз» рөлге бө-
ліп оқу.**

Автор:

Өшіргіш пен кір қағаз -
Өмір бойы дұрдараз.
Қағаз айтты досына.

Қағаз:

Қайырымың осы ма?
Жатырмын деп тазалап,
Ысқылайсың қажалап,
Білігі жоқ есерсің,
Бүйірімді тесерсің,

Түбі осыңнан табасың,
Күнде шөгіп барасың,
Өзіңдағы өшерсің,
Дүниеден көшерсің.

Автор:

Сонда өшіргіш сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді.

Өшіргіш:

Бұйырмасын өкінсем,
Қағаз кірін кетірсем.
Бір күнім жоқ жалыққан,
Қателерден арылтқам.
«Өшіргіш» деп айтады ел,
Бағалайды байтақ ел.

Автор:

Жаны туыс,
Көркемдік пен тазалық.
Қане, дұрыс,
Көркем, таза жазалық.

«Достарым бар» әні орындалады.
Ортаға Математика келеді.

- Ендігі кезекті математикаға бере-
міз.

Математика:

Есептеуге жүйрік болсаң жасыңнан,
Математикаға орын берсең басың-
нан



Барлық ғылым саған үйір болады,
Досың болар табылатын қасыңнан.
Есептеп шығару: 3+4, 10-5, 7+2, 8-5,
5-4, 4+6, 9-8, 3+2, 6+3, 4-4.

«Әнші болғым келеді» әні орындалады.

Ендігі кезекті сандарға берейік.

1-саны:

Мені келсе білгің,
Мен таяқша бірмін
Барлық санға жол бастап
Ең басында тұрамын

2-саны:

Бірден кейін тұрамын
Бірден кейін тұрағым
Бірді бірге қосқанда
Мен, қарағым шығамын

3-саны:

Екіден соң әрқашан,
Үш саны мен тұрамын.
Орныма барамын,
Екі айшық саламын

4-саны:

Үш сызықты таяғым,
Оқушылар қояды.
Төрт дегенің баяғы,
Төрт түліктің аяғы.

5-саны:

Төрттен кейін бесті
Білу оңай десті. Санашы
Бір қолыңның саусағын,
Табасың сен бесті.

6-саны:

Мен өзімді қатарға,
Бестен кейін қоямын.
Басым бірден басталып,
Нөлмен бітер аяғым.

7-саны:

Қара мына қызықты,
Көсеуді кім ұмытты?

Жеті болам бір тартсаң,
Бел ортаманнан сызықты.

8-саны:

Менің атым сегіз,
Жетіден соңғы деңіз.
Жазылсам қос дөңгелек
Мен боламын сегіз.

9-саны:

Сегізден кейін тоғыз,
Алтыны төбесінен тұрғыз.

10-саны:

Әліппедегі О-ға ұқсаймын,
Сонда нөлге ұқсаймын.
Жеке тұрсам мәнім жоқ,
Бір орынды ұстаймын.

Әліппе: Балалар, мені жақсы меңгеріпсіңдер! Мен сендерге ризамын. Енді, сендер менің досым Ана тілін оқитын боласындар.

Балалар: Қош бол, сүйікті Әліппе!
Ортаға Ана тілі келеді.

Ана тілі: Мен — ана тілімін. Енді сендер мені оқитын боласындар!

Ақыл-ойын дананың,
Ана тілден аласың.
Ана тілді ардақтап,
Қызығына қанасың.
Өсірер оймен білімді,
Сүйіндер, ана тілінді.
Мақсат ет, әрбір сөзінің
Мәндерін терең білуді.

«Рахмет, саған, Әліппе!» әні орындалады.

Мұғалім: Оқушылар, сендерге үлкен алғысымды айтамын. Бүгін 1-сынып оқушылары үшін қуанышты күн. «Әліппемен қоштасу» мерекесін аяқтадық деп жариялаймын.

«Көбелек» биі орындалады.

Бабалар ерлігі – ұрпаққа үлгі

2023 жылдың 16 ақпан күні М. Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханада халықтың әйгілі батырларының бірі, отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы Есет батыр Көтібарұлының туғанына 220 жыл толуына орай **«Бабалар ерлігі – ұрпаққа үлгі»** атты конференция ұйымдастырылды.

Конференция мақсаты қазақ батыры білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған қасиетті, кең байтақ қазақ жері – бізге, бүгінгі ұрпаққа мұра болып қалған Есет батыр Көтібарұлының ерліктерін насихаттау.

Өскелең ұрпақтың бойына отаншыл, халықшыл қасиеттерді қалыптастыру.

Конференцияға Филология ғылымының докторы, профессор Жұманзар Асан, Есет батырдың жиені Нұржантегі Жолдыбай, Есет батырдың ұрпақтары Уайсов Жанабыл Зәкіржанұлы, Төреханов Мырзатай Алыбайұлы, кітапхананың тұрақты оқырманы Сәметей Өтеміс және Ақтөбе педагогикалық колледжі студенттері қатысты.

Конференция барысында талай жаугершілікті бастан кешіріп, ол шеті мен бұл шетіне құс қанаты талатын қазіргі кең байтақ өлкемізді, құтты



қоныс, ата мекенімізді ұлы жорықтарда білегінің күшімен, найзасының ұшымен қорғай жүріп бізге аманаттап қалдырған Есет Көтібарұлы туралы тың ақпараттар айтылды.

Сонымен қатар Есет Көтібарұлына арналған бейнебаян көрсетілді. Кітапхана меңгерушісі Көркем Айқынқызы «Есет батыр ерліктері» атты баяндама оқып, кітапхана библиографы Назерке Абатқызы «Ел қорғаған ер еді...» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Балалар мен жасөспірімдер



Кеш соңында «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ директоры Г. Нохымқызы конференцияны қортындылып, кеш қонақтарына алғыс білдірді.



шығармашылығы үйінің оқушылары Саин Айбар мен Орынбай Нұржан Ә. Желдібаевтың «Ерке сылқым», А. Жұбановтың «Би» күйін орындады.

Көркем Айқыновна БАЙЧЕРКАСС,
Қалалық Орталық
кітапхана меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Болашақ білімді жастардың қолында!

Қай кезеңде де жастар — қоғамның қозғаушы күші. Қазір де солай. Жас буын өкілдері еліміздің қарыштап дамуына өз үлестерін қосуда. Ақпарат құралдарының, озық ойлы, зиялы қауымның күш-жігері, тәрбиенің бағыттылығы қоғамда отансүйгіштік, іскерлік, үлкенді сыйлау, өзін қастерлей білу, жеке басы мен жақындары үшін жауапкершілікті сезіну сияқты қасиеттерді жоғары қоятын оңтайлы орта қалыптастыруға септігін тигізу.

Заман ағымына сай дамып келе жатқан жастарды қолдау, дұрыс бағыт

беру мақсатында М. Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханада «Ымырттағы кітапхана» әлеуметтік-мәдени шарасы аясында «Болашақ білімді жастардың қолында!» атты кеш ұйымдастырылды.

Кеш қонақтары психолог Динара Қожа, эксперт мобилограф Дияров Нұржан, СММ маманы, ментор Ақмарал Көбегенқызы, «Мейірім» жастарды әлеуметтік бейімдеу орталығының тәрбиеленушісі болашақ суретші Дарья Сериковна.

Қазіргі кездегі әлеуметтік желінің





мүмкіндіктері көп адамның ой-пікірлерін, ішкі тебіренісін, эмоцияларын жазба сурет, басқада медиалар арқы-

лы шығару құралы. Кешімізге қызығушылық танытып келген жастар кеш қонақтарының біраз қыр-сырына қанықты, әсіресе, тісқаққан әлеуметтік желі мамандары сапалы контент жасаудың, өз брендин қалыптастырудың жолын түсіндірді. Диалог алаң құрып, алған әсерлерімен бөлісті.

Сол себепті жастардың ойын да, бойын да түзу өсіру халықтың басты парызы. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры. Жас ұрпақ бойында патриоттық сезім ұялап, келешегіміз кемелдене түспек.

Назерке Абатқызы ЖӘЛЕЛОВА,
Қалалық орталық кітапхана
қызметкері.
Ақтөбе қаласы.

Тәуелсіздігімізді нығайтып, елімізді одан әрі өркендету – қазіргі ұрпақтың қасиетті борышы. Сондықтан біз сіздерге зор үміт артамыз. Мемлекетіміздің келешегі – өздеріңіз! Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы, мемлекетіміздің мәртебесі. Ұрпағын аялай білген халық іргелі жұртқа айналатыны белгілі. Біз халқымызды әлемге танытқан ең асыл қасиеттерді сіздердің бойларыңыздан көргіміз келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қайырымдылық балы

Қыз: Құрметті қонақтар! Біз сіздерді мектебіміздің қайырымдылық балында көргенімізге қуаныштымыз!

Жігіт: Уважаемые дамы и господа, леди и джентельмены! Мы рады видеть Вас на нашем школьном благотворительном балу.

Жігіт:

Я свечи зажигаю и молчу.

И смотрит мне в глаза волшебник-вечер,
Рукою тьмы притронувшись к плечу.

Впервые бала зажигаю свечи.

Қыз: Бүгінгі бал нағыз өнер мерекесіне айналсын...

Девушка: И пусть каждый, кто переступил порог этого зала, почувствует себя героем волшебной сказки...

Юноша: Балды ашық деп жариялаймыз!

Девушка:

Так вот оно, начало бала,
Когда сквозь времени порез,
Колонна пар затрепетала,
И грянул танец — Полонез!

Имею честь объявить первый церемониальный танец. Встречайте участников бала!

Звучит музыка, выходят пары («Полонез» П. Чайковского из оперы «Евгений Онегин»).

Полонез. (После перестроений пары встают в полукруг)

Жігіт: Осы керемет және әсем би үшін рахмет!

Девушка: Как прекрасно вы смотрелись в торжественном шествии!

Жігіт: Балдың зайырлы шарты бойынша құрметті қонақтарды сіздерге ұсынамын.

Девушка: На балу присутствуют: (перечисляют официальных гостей).

Жігіт: Қайырымдылық балының бастамашысы мектеп директоры Мәди Серікұлы

болды. Оған сөз береміз!

Жігіт: «Бал» сөзі ескі француз bailer (belle) сөзінен шыққан, ол «билеу, секіру» дегенді білдіреді.

Девушка: На балах приняты не только танцы и общение, но и благотворительные базары, игры, исполнение романсов, музицирование. Сегодня так и будет.

Исполнение классического произведения на фортепиано.

Юноша: Мерекелік бал құрметті қонақтардың құттықтау сөздерімен безендірілген. Құттықтау сөзі беріледі.

Выступление гостей.

Жігіт: Бүгін біз үшін ерекше күн. Бал — қозғалыс. Бұл жастық пен шаттықты білдіреді, бұл түстер мен дыбыстардың ашықтығын білдіреді.

Девушка:

Я помню вальса звук прелестный,
Весенней ночью в поздний час.
Его пел голос неизвестный,
И песня чудная лилась.


В вихре вальса закружилась сначала Вена, а затем и вся Европа. Вальс стал очень популярным в XIXв.

Жігіт: Білесіздер ме, бұл би ұзақ уақыт бойы тыйым салынған және әдепсіз, оның үстіне өте еркін деп саналды. Өйткені, вальс орындау кезінде джентльмен ханымды белінен құшақтап алуы керек еді!

Вальс, мырзалар! Кавалерлер ханымдарды шақырады!

Жігіт: Жоғарыда айтылғандай, олар балда билеп қана қоймай, сонымен қатар әр түрлі ойындарды, соның ішінде ұтыс ойындарын ойнады.

Девушка: Фанты — это игра, без которой не обходится ни один настоящий бал! И я уже собрала фанты у наших гостей (показывает коробку). Я буду





показывать фант, а ведущий будет давать задание обладателю этого фанта.

Девушка: Что сделать этому фанту?...

- Объясниться в любви к ведущему(-шей).
- Сказать всем гостям приятный комплимент.
- Рассказать как в детстве, на стуле, стихотворение.
- Расхвалить себя как лучшего кавалера (партнёру) для танца в лучших рекламных традициях.
- Станцевать русский народный танец. (О.В.)
- Пригласить любого из гостей на свидание.
- Рассказать о своей самой большой мечте.
- Показать пародию на известного политика. (Т.О.)
- Станцевать лезгинку.

Жігіт: Біз тамаша ойнадық! Бал биіне қайта оралайық. 19-ғасырдың ортасынан бастап полка биі кеңінен тарады.

Девушка: Полька — бальный танец? Она, как и полонез, зародилась в Польше?

Жігіт: Ал мұнда олай емес. Полка — чех биі және аудармада «жарты» дегенді білдіреді.

Девушка: Так как танец исполняется парами, то у каждого танцующего есть вторая половина, так?

Жігіт: Өте дұрыс, полька, вальс сияқты,

бүгінгі күнге дейін билеп келеді.

Ханымдар мен мырзалар! Полка! Шеберлік сабағын оқытушы Ольга Валентиновна жүргізеді.

(Движения показывают участники бала. Затем исполняют польку)

Полька. Приглашаются желающие в круг для исполнения танца.

«Полька» биі орындалады.

Жігіт: Керемет! Көңілді және қызықты. Ал, польканы қалай жақсы көрмеуге болады?!

Девушка: Да, очень весело!

Полька — это и вправду весёлый танец. А что дальше?

Жігіт: Қайырымдылық базары немесе заманауи түрде аукционның уақыты келді!

Девушка: Уважаемые гости, напоминаем, что все вырученные деньги будут перечислены ...

Аукцион.

Жігіт: Ал, балды аяқтайтын кез келді. Бүгінгі балдың әрбір қатысушысы өздерімен бірге тамаша көңіл-күй мен жарқын естелік алып кеткенін қалаймыз.

Девушка: Всех приглашаем в центр на заключительный танец бала.

Жігіт: Вальс! Тек қана вальс!


Вальс.

Жігіт: Барлығыңызға денсаулық! Тек сәттілік!

Девушка: Мы говорим: «До новых встреч!» тем, кто покидает нас, а остальных приглашаем на дискотеку.

Дискотека.

**Б. БУЛЕКПАСОВА,
ШЖҚ МКК «№63 мектеп-гимназиясы»
директорының тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Астана қаласы.**



Амирхан ХАЙДАРОВ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
10 «Ә» сынып оқушысы.
Подстепное ауылы,
Батыс Қазақстан облысы.

Апаларға «қонақ» болғанымыз

IV Республикалық «Ділмар» шешендік өнер сайысы жөнімен, маған жетекшілік еткен гимназиямыздың ұстазы Хадер Мақатай Ақболатұлымен Алматы қаласына сапарға шыққан болатынбыз. Бұл сайысқа мені әзірлеген – ұстазым, Хасанова Әлия Сәлімқызы. Бұл байқауда мен Батыс Қазақстан облысы атынан қатысып, Республика бойынша III орынды иелендім. Бірақ, жарыс жөні бөлек әңгіме, жай сапарымыздың себебімен мақаламды бастайын дегенім.

Сайыс аяқталды, арман қала Алматыда тағы 1-2 күнге қалдық. Бос уақыт зая кетпеу үшін бар ынта-ыждағатпен «Алматы топырағында жатқан һәм топырағын басқандармен көрісуді» жөн көрдік. Ары қарай, бастан өткенді өзімнің атынан «мен» деп баяндайын.

Ең әуелі, қазақ бір-біріне тілейтін жас иесі Жамбыл Жабаев атамyzдың 12 бөлмелі үйіне бардық. Бұл үйді 92 жасында үкімет сыйлаған екен, үймен қоса астына көлік сыйлапты, сонда Жамбыл «Үйлеріңе Алла разы болсын, сөзім жоқ! Көліктеріңе де ырзамын, бірақ мен бостандықтың адамымын әрі жылқыға мінуімді қоймаймын, көлік гаражымда тұрар, керек кезде мінермін» деп қалжыңдасыпты. Үйді жиһаз-жабдығымен дайындап, ал көлікті жүргізушісімен беріпті. Толығымен аралап, тарихымен таныстық. Жеке медбикесі болған екен, емделуге бөлек бір бөлме арнаған. Қалғаны сол әдеттегі қонақ үй, ас үй, жатын бөлме, кітапхана, жұмыс бөлмесі және гараж. Сол манда Жамбылдың бейіті де жатыр екен, оған барып, Жабаев атамyzға Құран аяттарын бағыштадық. Дәл айналада Нұрғиса Тілендиевтің зираты да орналасқан екен, ол атамyzды да зиярат етіп, Құран оқыдық, қасына өз мүсінін әсемдеп орнықтырыпты.

Көзі тірі болса да, бізге ата саналатын ұлы тұлға, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының да мұражайына барып қайттық. Тұтынған заттары, киген киімдері,

жұмыс орындарының бөлшектері, әлем көшбасшыларының берген сыйлықтары бәрі-бәрі бар. Атақты конференция залына да кірдік, ол жерде ресмиліктен бөлек руханилық та бар екен. Сол залда Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған сыйлаған қасиетті Қағба жамылғысының бөлшегі бар. Оның бәрі іште, ал сыртында Тұңғыш Президентіміздің алғашқы жұмыс көлігі тұр.

Кейін, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мұражайын зиярат еттік. Алаштың тарихи маңызы зілдей құжаттары, жазбалары сақталған, Ахмет ата жөніндегі баяндамалар да бар. Денені тітіркендірер соттау жөнінде қағазы, түрмедегі суреті мен саусақ ізіне бір бұрыш арнапты. Басқа бір сөреде, қазақ зиялыларының тарихи суреттері тізіліп қойылған. Бұл жолы білген жаңалығымыз, Ахмет Байтұрсынұлы мен басқа көптеген Алаш ардақтыларының денелері бір құдыққа лақтырылып, зираттары әлі күнге дейін орнатылмапты...



Келесі кезекте, Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың үйіне қонаққа бардық. Үйі өте әсем және керемет, сауатты һәм зиялы екені көрінеді. Үлкен қонақ бөлме, кіші қонақ бөлме, жатын бөлме, ас үй. Димаш ата коллекционер кісі болыпты. Үйі толған өнерлі қыш-құмыралар мен бұйымдар, ондай әсем туындыларды бүгінгі күні де әрбір үйден байқай алмайсың. Шақпақ немесе өзіміз үйренген зажигалканың 467 түрін жинақтапты. Қару, кітап, стақан, телефон, көлік бәрінің түрінде жасалған зажигалкалар. Одан бөлек, кітапты жан-тәнімен сүйген тұлға, сөресінде 5000-нан астам кітабы бар, оның ішінде әдеби-саяси туындылардан бөлек, психологиялық та, ағылшынша да, кәрісше де, діни де кітаптар бар. Замандастарының айтуынша, «Димекен бір отырғанда бір кітап бітіретін». Тағы бір білгеніміз, тәжірибелі аңшы болыпты, қарудың түр-түрі бар, арсыздар үйіне келуге қорыққан шығар шамасы. Ал, Зухра жарына деген махаббаты бөлек әңгіме. Димаш атаның ұрпақсыз қалғанын білеміз, соның өзі бізді Қонаевтың махаббатымен тамсандырды. Үйінде жазбасы бар екен, сонда «50 жыл, 6 ай, 2 күн біргеміз» деп ғұмырлық серігімен кешкен күндеріне дейін есінде сақтапты ғой ол кісі...

Тұлғаларымыздан қалған бұйымдар, жабдықтар, тіпті үйлері олар жөнінде қағаз бетінде жазылғанның бәрі хақ екенін дәлелдейді, менде күмән да болмады, жүрегінде күмән болған біреу болса, соларға айтқаным. Құран арнап, үйлерінде «қонақ» болу да бұйырыпты, сіздерге де соны тілеймін.



Айсәуле ТҰРҒАЛИ,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы
мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының
9 «А» сынып оқушысы «Жас қаламгер» үйірмесінің мүшесі.
Батыс Қазақстан облысы.

Жақыныңды қадірлей біл, жаныңда сенің барыңда

Өмір зулап көз алдында өтер сенің шырағым,
Адал еңбек, мал тап, талпын, болсын жеке тұрағың,
Әр сәтінді, әр минутты бағалай біл алтындай,
Кеше сәби болып едің, есейіп бүгін тұрғаның.
Өмірге адам, адам болып келеді де кетеді,
Кейбір адам өмір бойы надан болып өтеді,
Зейініңді аш, оқу жанға ешқашан артық етпейді,
Білмесең білім, бүкіл ғұмырың құр босқа зая кетеді.
Жақыныңды қадірлей біл, жаныңда сенің барыңда,
Көп нәресте жылап жатыр бір туыс жоқ жаныңда,
Бүгін бар жан ертең жоқ қой соны есінде сақташы,
Сондықтан сыйла, мың алғыс білдір, өзіңе жақын жаныңа.

Жақсылық жаса, жақсы адам бол, өзіңді ғана ойлама,
Алладан сен разылық ал, сауап жина қоймаңа.
Өзімшілдік — іші тарлық, ойы шаттық, үлкен сор,
Ондай адам өмірінде қолыңда барға тоя ма?
Абай айтқан жақсылардың сен де соның бірі бол,
Надандық, арам, еріншектік жаманның қара кірі бұл,
Келер ұрпақ үлгі алар білімге толы із қалдыр,
Сонда сенің атың өшпес, мәңгілік өмір, жүз мың жыл.

